

БҰЙРЫҚ № 318

Ақтөбе қаласы

28.08.2024 ж.

**«Жекелеген санаттағы және
1-4 сынып оқушыларына тегін
ыстық тамақты ұйымдастыру туралы»**

ҚР Үкіметінің 25.01.2008 жылғы № 64 қаулысына сәйкес, ата-аналардың өтініші негізінде, аз қамтылған оқушыларды Жалпыға бірдей білім беру қорынан ыстық тамақпен қамту, ҚР Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығымен бекітілген жоспарының 77 тармағына сәйкес, 2023-2024 оқу жылынан бастап облыстық мәслихатының 28.04.2023 жылғы №13 шешіміне сәйкес, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ 12.01.2024 жылғы № 02-03/63 хатын орындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1.ҚР Үкіметінің 25.01.2008 жылғы № 64 қаулысына сәйкес, 2024-2025 оқу жылында жекелеген санаттағы және 1-4 сынып оқушыларына ыстық тамақ беру жұмысы 02.09.2024 жылдан бастап ұйымдастырылсын.

2.2024 жылғы Ақтөбе облысының білім басқармасы бекіткен Ақтөбе облысы бойынша жалпы білім беретін мектептердің жекелеген санаттағы және 1-4 сыныптардың барлық оқушыларының тегін ыстық тамағын ұйымдастыруға арналған 2 апталық ас мәзірі басшылыққа алынсын.

3.Мектеп асханасындағы санитарлық – эпидемиологиялық тазалық нормаларының сақталуы, сатуға тыйым салынған тағамдарды бақылау - мектеп әкімшілігі тарапынан бақылауға алынып, кезекшіліктер ұйымдастырылсын.

4.Жекелеген санаттар мен 1-4 кластар бойынша мектеп асханасындағы тамақтану кестесі, асхананың жұмыс жасау кестесі ұйымдастырылсын.

5.2 апталық ас мәзірі бойынша бекітілуге тиісті баға көрсеткіші **603 теңге** болып белгіленсін.

6.Ата-аналардың өтініші мен комиссия шешімі негізінде, 5-11 кластар арасындағы аз қамтылған отбасынан шыққан 25 оқушы 02.09.2024 ж. күнінен бастап ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

7. Оқушылардың іс-құжаттарын зерделеу, ата – анасымен, сынып жетекшілермен түсінік жұмыстарын жүргізу әлеуметтік педагог Т.Мырзабекқызына жүктелсін.

8.1-4 сыныптар бойынша оқушылардың тамақтану кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қадағалау мектеп директорының бастауыш кластар ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Жакиеваға және сынып жетекшілеріне жүктелсін.

9.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.М.Кулбасоваға міндеттелсін.

Негізі: ҚР Үкіметінің 25.01.2008 жылғы № 64 қаулысы, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ 01.09.2023 жылғы № 4/3895 хаты.

Мектеп директоры

Д.К.Картпагамбетова

